

ӘОЖ 130.3:297 (045)
DOI 10. 56525/YRBO3895

АХМЕТ ЯСАУИ ДҮНИЕТАНЫМЫНДА ИЛАҒИ ҒАШЫҚ ҰҒЫМЫ

Ибрахим Мараш

Анкара университеті, Анкара, Турция
e-mail: maras@divinity.ankara.edu.tr

Аңдатпа. Ғашық ұғымы сопылық дүниетанымның негізі ретінде Ахмет Ясауи дүниетанымның да іргелі ұғымы болып саналады. Ясауидің ойынша адам Керек етушісімен тек ғашықтық арқылы ғана тілдесе алады. Демек, әрбір жаратылыстың бойында туа біткен махаббат бар. Ғашықтық адам мен Раббысының арасындағы көпір және сүйіктісінен басқаның бәрін өртеп жіберетін от. Ғашықтық болмаса тіршілік те болмас еді. Сондықтан болмысты түсіну үшін тек ақыл мен логика жеткіліксіз. Илағи ғашықсыз өмірдің табиғатын түсіну мүмкін емес. Ал бұл сезім барлық жаратылыстардың ішінде адамға ғана тән қасиет. Адам болмысына ең қолайлы осы рухани хәл илағи және адамдық сезімді оның жаратылу мақсатына сай етіп, өмірдің қозғаушы күшіне айналдырады. Сопылық дүниетаным бойынша жаратылыстардың жаратылу себебі – Алла Тағаланың танылып, мойындалуы және жаратылыстарына деген сүйіспеншілігі. Демек, жаратылыстардың болмыс дәрежесіне шығуы Жаратушы мен жаратылыстың арасындағы сүйіспеншілік арқылы жүзеге асады. Сондықтан илағи ғашық ұғымы сопылардың дүниетанымында, әсіресе, Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» ендегінде маңызды орын алады. Өмірдің ең басты мақсаты Алланың құзырына жету деп білген Ахмет Ясауи, хикметтері арқылы осы ойын жеткізуге тырысады және бұл жолға түскен әрбір хикмет жолаушысына мақсатының не екенін әуел бастан ұғындырады. Ясауидің ойынша адам өмірінің мұраты ғашық мақамына жету болмақ. Ғашық мақамы адамның Алланың разылығын алуы, құдайға құл болу санасымен ғашық жолында пәни дүниенің құмарлықтарын тәрк ету арқылы Шексіз болған Бірмен қауышу, Бір мен бірліктің хәлін тәжірибеден өткізу мақамы. Бұл ең алдымен адамның өз бойында ажз/экстаз (العجز) сипатына жетуі, нәпсісінен бас тартуы, күллі әлемнің негізінде Бір тұрғандығын түйсіну арқылы қол жеткізетін мәртебе болып саналады. Хақ пен хақиқат жолаушысы үшін тек қана ғибадат жасау аздық етеді. Сонымен қатар адам өзінің «менінен» асып, кәсрат әлемі ішінен Бірдің бейнесін көре алуы үшін «илағи ғашыққа» қажеттілік туындайды. Алланың сырына тек осындай адам ғана қол жеткізе алмақ.

Түйін сөздер: Алла, Ясауи, сопылық, ғашықтық, Диуани Хикмет.

Кіріспе.

Ахмет Ясауи жайлы зерттеу жасауға қолайлы тың деректер сирек кездеседі. Бұл Ясауитанушыларға да жақсы таныс жағдай. Оның өмірін аңыздық және тарихи болып екіге бөліп қарастыруға болады. Алайда деректер аз әрі біздің осы баядамамыздың тақырыбына қатысы болмағандықтан, біз оның өміріне тоқталмаймыз. Мәліметтердің аздығы әрі біздің тақырыбымызға тікелей қатысты болмағандықтан оның өміріне тоқталмаймыз. Зерттеу тақырыбымыз илағи ғашық ұғымы болғандықтан, кіріспе бөлімінде Ясауидің сопылық іліміне тоқталатын боламын. Себебі «ғашықтық» сопылық ілімінің категориясы болғандықтан екеуін бөліп-жару мүмкін емес.

Ясауидің ғашықтың мәселесіне кіріспес бұрын, оның түрік-ислам өркениетіндегі маңызы жайлы бірер сөз айтқан орынды болмақ. Түрік-ислам әлемін ғасырлар бойы рухани жақтан байытқан һәм оның өзіндік жолын қалыптастырған көптеген ғалымдар бар. Бұлардың кейбірі сол дәуірмен шектесе, кейбірі ғасырлар бойы мән мазмұнын жоғалтпай түрік-ислам әлеміне ортақ рухани азық болып отыр. Осындай ұлы адамдардың бірі әрі бірегейі Ахмет Ясауи екені сөзсіз.

Ахмет Ясауи киелі Түркістанда туып, сол заманның ғылым-білім ошағы болған Бұхарадағы әйгелі шайқы Жүсіп Хамеданидің шәкірті хәм ізбасары болады. Ясауидің терең әліміне әсер еткен тек қана Хамедани емес, Ибрахим Етхем, Шақиқ-и Балхи, Маруф-и Кархи, Баязид-и Бистами, Халадж Мансұр, Жүнейд Бағдади сияқты әйгілі мутасаууфтар да әсер еткен.

Өзінің толассыз еңбегі мен аталмыш алыптардан алған білімі оның тұлғалық қасиетін қалыптастырды. Арабша мен парсышаны жетік меңгерген Ясауи, бұл тілдермен де қатар Түрік тілінің мәртебесін биік ұстаған. Иран әдебиеті мен поэзияның ықпалына қарамастан, Ислам дінінің жерсінуді үшін көшпелі түркі халқына өз тілінде ұғынықты етіп мұсылмандықты жеткізген. Оның осынау маңызды шешімі өз күтпеген атақ-абырой әперді. Ясауидің «...*Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін*» хикметтері халық арасына кең таралып, әуезді үні түркі өркениетінің рухани әнұранына айналды десек артық айтқандық болмайды. Ахмет Ясауидің түркі өркениетіндегі маңызы тек сопылық ілімін негіздеумен шектелмейді, оның маңызы Ислам дінін түркілер арасына жаю арқылы сопылық ілім мен түркілік мәдениетті түйістіру болмақ. Солайша өз заманындағы рухани майданда өзінің ілімімен тойтырыс берді. Ахмет Ясауидің түркі әлемінде өшпес із қалдырған рухани қызметінің жемісі «Хикметтер» ғана емес, сондай-ақ оның ілімін насихаттауға түркі әлемінің шартарапына аттанған шәкірттері болмақ. Жалпы айтқанда Ясауидің рухани қызметін үшке бөліп қарастыруға болады: Біріншіден түрік тіліне қызметі, Исламның таралуына қызметі және Исламды түркі жұрты арасында дұрыс жақтан түсіндіру қызметі.

Материалдар мен зерттеу әдістері. Бұл мақалада Ясауидің «Диуани Хикмет» еңбегі бойынша илаһи ғашық ұғымына талдау жасаймыз. Бұл ұғымды таңдау себебіміз – оны Ясауи дүниетанымының кілті деуге болады. Ұғымға ең алдымен этимологиялық, лексикалық талдау жасап, одан кейін философиялық мәнін ашуға тырысамыз. Зерттеу барысында хикмет шумақтарынан үзінділер келтіре отырып, әрбір үзіндеге қысқаша талдау жасау арқылы оны Ясауи дүниетанымымен біртұтас қарастыруға тырысамыз.

Зерттеу нәтижелері. Енді аталмыш тақырыбымызға оралсақ. Бүгін бәрімізге белгілі «ғашық» сөзі арабша шырмауық дегенді білдіретін «ышқ» түбірінен шыққан. Оған ғашықтық, сүйіспеншілік, шектен тыс ғашықтық, құмарлық, құмарлық сияқты мағыналар да кіреді [Ibn Manzur, 10: 251- 52;]. Шырмауық тұрған жерді жауып тұратыны сияқты, махаббат та адамның жүрегін, тіпті тұла бойын баурап алады. Сопылар «ғашықты» махаббаттың соңғы сатысы, махаббаттың адамға толық үстемдік етуі, болмыстың мәні мен жаратылу себебі деп анықтайды. Ғашық дегеніміз сүйгеннің сүйіктісінің болмысында өзін-өзі жоғалту хәлі. Бұл жерде ғашық жоқ, алайда оның объектісі *машуқ* бар [Uludağ, 1991:58-59]. Демек ғашық сөзінің мағынасы өте қуатты махаббат, яғни бір адамның толықтай ес-түссіз ғашығына байлану сезімін білдіреді. Сонымен қатар оның сөздік кітаптарында мұнымен түбірлес болған шырмауық мағынасына келетін «ашека» сөзімен де тығыз байланыстырылуы, менің ойымша шырмауықтың шырмалған ағаштың суын сіңіріп, оны солдырып құрғатуы – сүйгенінен басқасын ойлауға шамасы жоқ ғашық жанның хәлін білдірсе керек. Ал мұсылман әдебиеттерінде ғашық ұғымы илаһи және адами болып екіге бөлінеді. Бұл жерде илаһи ғашық нағыз ақиқат, адами ғашық метафоралық (бейнелі) мағына білдіреді. Себебі илаһи ғашық Алланы сүю болса, бейнелі ғашық пәни дүниенің қызығына алдану. Алайда кейде осы метафоралық ғашық ақиқат ғашыққа жол ашуы да мүмкін.

Илаһи ғашық ұғымы сөзсіз сопылық дүниетанымыды білдіреді. Бұл пенденің пәни дүниенен алыстап Аллаға бет бұру хәлі болмақ. Басқаша айтар болсақ дүниеауи заттарға деген махаббатты жаратушы Аллаға деген махаббатпен алмастыру. Демек илаһи ғашықтықтың мағынасы адами ғашықтықтан да терең болмақ. Себебі ол адамда саналы түрде жүзеге аспайды. Ол адамның жаратылысында а priori бар хәл. Яғни Алланы еске алған кез келген адам оған бет бұруы мүмкін. Аллаға деген махаббат осы қасиетімен ерекшеленеді. Мұндағы махаббаттың иесі жалғыз Алла ғана. Алладан басқа жаратылысты тек илаһи ғашықтық арқылы сүйе аламыз. Ғаламға осылай қарайтын болсақ дүниеауи заттарды да Алла үшін сүюге болатынын аңғарамыз. Бұл сопылықта адамның батын-захир хәлдері арқылы түсіндіріледі.

Ислам сопылық дәстүрінің ең маңызды ұғымдарының бірі «ғашық» – Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» кітабында жиі кездеседі әрі ол сопылық дүниетанымды айшықтайтын ұғым. Барша сопылар сияқты Ясауи де «ғашық» хәліндегі адам. Ясауи өз еңбегінде ғашықтыққа баса назар аударып, Алла пен Оның Елшісіне ғашық болуды шынайы ғашық деп санаған. Оның ойынша ғашық болу да сенім сияқты Алланың адамдарға берген сыйы, нығметі. Бұл нығметке ие болғандардың іші нұрланып, жан дүниесі әр түрлі лас нәрселерден тазарады. Тек илаһи сүйіспеншілік арқылы адам нәпсісін тастап, Алланың жамалына қол жеткізе алады. Адамның пенделік мендігін осы ғашықтық жояды. Сондай асқақ сезімге ие ғашық хәлі сонымен қата дауасы жоқ дерт. Шыдау қиын. Нағыз ғашық – қиыншылыққа төзіп, одан рахат тауып, Алла разылығы үшін көз жасын төккен адам [Yakit, 1994:1-15]. Енді осы ғашық ұғымының метафизикасына үңіліп көрейік.

Тасаууф ілімінде илаһи ғашықтықтың бастауы Уахдат'ул Ужуд теориясы екені мәлім. Бұл теория бойынша барлық жаратылыс әлемі ұлы Жаратушымен бірігеді. Ғаламдағы әрбір болмыс Алланың туындысы. Осылайша ғаламды Алла үшін сүю мәселесі алдымызға шығады. Илаһи ғашық тақырыбы түркі әдебиті мен сопылық ілімде өте өзекті. Осы орайда Мәулана, Жүніс Емре, Ахмет Ясауи, Хажы Байрам Бекташи тәрізді атақты ойшылдарды ерекше атап өтуге болады. Осылардың ішінде Ахмет Ясауидің орны ерекше. Оның өнегелі сопылық жолы баршаға үлгі. Ясауи құрған Ислам негізіндегі сопылық тариқаттың маңызы – Исламның түркілену процесін ұғынудың бірден-бір жолы. Ясауи бай ілімі мен тәжірибесін жетілдіріп қана қоймай, оны әрқашан айналасындағы қарапайым халықпен бөлісіп отырған. Мұны төңірегіндегілерге қарапайым түрік тілінде жеткізе білген. Осылайша ясауилік тариқаты қалыптасты. Ясауидің түсінігінде шарифат пен тариқат бір нәрсе.

Себебі шарифатқа сүйенбеген тариқат жалған болмақ әрі иманның тұрағы шарифат болса, ішкі әлемі тариқатқа жалғанады.

Шарифатқа тариқатсыз кіргендер,

Шайтан келіп иманын алады.

Бұл жолда пірсіз қалғандар,

Шарасыз орта жолда қалады, – деп шарифатқа бекем бола отырып, илаһи ғашықтыққа кәміл сенген сопы ретінде Исламды айналасындағы халыққа түсіндіреді [Yesevi, XXXII 1]. Осындай сыпайы қасиет тасаууф әхліне ғана тән. Ғашықтықты негізге алған Ясауи тариқатының жолы әдеп болмақ, себебі Ясауи хикметінде осыған ерекше тоқталады:

...Мұхаммедтің заты араб-дүр,

Тариқаттың жолы әдеп-дүр, – деп баса назар аударады. Тариқат пен шарифаттың байланысын анықтағаннан кейін «Илаһи ғашық» мәселесіне ойысайық.

Сопылық термин ретінде ғашықтық махаббатпен тығыз байланысты екенін атап өттік. Махаббатың адамды толықтай бағындыруы, сезімнің соңғы баспалдағы, болмыстың жаратылу себебі мен негізі – илаһи ғашық болмақ. Алланы білу, тану тек осы жол арқылы мүмкін. Алланы шын сүйген пенде оның жаратқандарын да сүйеді. Ахмет Ясауи илаһи ғашық жолын риязаттан бастайды:

Бисмиллах хикметпенен бастайын,

Шәкірттерге інжу-маржан шашайын.

Риязатқа шын көңілмен ден қойып,

Екінші дәптер сөзін ашайын [Yesevi, I–1].

Ахмет Ясауи бұл жолды қалай жүріп өткенін жиі тілге тиек етеді. Алланың әр ісіне шүкірлік етіп, нәпсіні жеңу арқылы Аллаға қауышқысы келеді.

Зікір салып, шүкір етіп Хақты таптым,

Дүние мен ахирретті тәрік еттім.

Жынды болып жанымды аямадым,

Уайым-қайғысыз жердің астына жаттым [Yesevi, X–2].

Риязат сопылық ілімінде болмыспен байланысу үшін қолданылатын жанқиярлық жол яки әдіс. Бұл жолда адамның қалауы, жақсы көргендері, сүйгендері тәрк болады. Тіпті тәрк сөзінің өзі тәрк болмақ. Егер адамның ішінде ұлы Алладан басқа бір нәрсе қалып қойса,

одан ақиқат ғашықтық туындамайды. Алладан басқа нәрсені қалаған, басқа іспен шұғылданған адам шынайы ғашық бола алмайды. Ахмет Ясауи ондай адамны былай суреттейді:

*Ғашықтық сезімін михнатпен көрсетпесең,
Қор санап сұм нәпсіңді өлтірмесең,
Алла деп ішіңе нұр толтырмасаң,
Сенде ешқандай ғашықтың нышаны жоқ [Yesevî, XI/1–2].*

Бұл жолдардағы хикметтің мәні – ғашықтың өмірдегі қиындықтар мен машақаттарға төтеп беруін меңзейді. Мұнда ғашығы өзін сүйген адамға қиындықтар, қайғылар, пәлкекеттер жіберу арқылы сүйіктісінің махаббатының шынайылығын сынға алады. Өзін сүйген ғашығының махаббатының қандай екенін білгісі келеді. Сондықтан да ғашықтың өмір – дертті өмір деп бекер айтпаса керек. Ясауи болса осы дертті өмір басынан кешеді. Әрине, ол бізге дертті болып көрінгенімен, ол үшін нағыз илаһи ғашық өмірі болмақ. Сол себепті де өмірінде ештеңеге шағымданбайды.

*Ғашық дертін дертсіздер ұғып болмас,
Бұл жолдардың соқпағы көп, жүріп болмас,
Ғашық жауһарын көлденеңге сатуға болмас,
Хабарсыздар ғашық қадірін қайдан білсін [Yesevî, XI–6]?!*

Алайда мұншалықты уайым-қайғы мен қиындықтар аз болуы да мүмкін. Кейде сүйікті сүйгенінен өзі үшін өлуді немесе отқа орануды да қалауы мүмкін. Бірақ бұл хәл шынайы ғашықтың махаббатына ешқандай кірбің түсірмейді. Махаббат адам өмірін өзіндік бояумен бояйды. Кез келген жерде оның бояуын тамашалауға болады. Махаббат дегеніміз сүйген адамның жүрегінде жанған және Алла Тағаладан басқа бәрін шарпып өтетін от. Ахмет Ясауи мұндай махаббатты былай суреттейді:

*Ғашық болып отқа түстің, жанып өлдің,
Пәруанадай жаныңды жағып өртедің,
Дерттеніп уайымнан жынды болдың,
Ғашық дертінің ешқандай дауасы жоқ [Yesevî, XI–7].*

Ахмет Ясауи шын сүйгендердің хазреті Ибраһим тәрізді отқа оранудан тайынбайтынын айтады.

*Құмарлық пен қалауды махаббаттан ажырат,
Ғашақтарға махаббат отын алаулат,
Қиындық пен машақатты аямай төгеді,
Шынайы ғашықтар оттан қорықпас себебі [Yesevî, XVI–11].*

Ахмет Ясауи ғашықтықтың күшін, ерекшеліктерін, шынайы махаббаттың қандай болуын түсіндіру үшін өмірді қалай сүру керектігіне ерекше тоқталады. Осы аспект оның философиясының өзегі десек қателеспейміз. Егер ғашық адам идеал адам ретінде кәміл адам болатын болса, оның махаббатының нысаны Алла болмақ. Демек ол адамның махаббатының мақсаты өзінен бас тартып, құдаймен қосылуға ұмтылады. Мұны Ясауидің хикметтерінен де аңғаруға болады. Бұл дамылсыз жолда жаны мен тәнін құрбан етіп, мендігін, тәкаппарлығын, мақтаныш сезімін аяққа таптап Алланың құзырына бас ұрады. Алла өзін қалай қабылдаса, солай разы екендігін Илаһи ғашық ұғымы білдіреді.

*Ғашық жолында құрбан, Хақтың құлы болайын,
Не бұйырсаң да білейін, ғашық қыла көр Аллам!
Қолымды жайып дұға қылайын, сенсіз қайда барайын,*

Не істесең де біліп істейтін ғашық ет уа Аллам [Носа Ahmed Yesevî, Н. 33, К. 1-3, s. 160-161]!

Хикметтігі бұл жолдар ешқандай ғашықтықтың Илаһи ғашықпен салыстыруға келмейтінін білдіреді. Дүниеде қол жеткізген мал-мүлік, атақ-даңқтың адамды Илаһи ғашықтан мақұрым қылуына жол берілмеу керек. Сол себепті адам бұл өмірге сынақ, өткінші бір мекен ретінде қарап, Аллаға апаратын Илаһи ғашық жолынан таймауы қажет. Адам осы өмірдің өткінші қызықтарына қол созамын деп алданып Илаһи ғашықты ұмытып кетуі мүмкін.

Сондықтан адам ең алдымен өзін тануы және саналы түрде Илаһи ғашық жолында нәпсісімен күресіп жеңіске жетпесе, шынайы ғашық болып саналмайды. Махаббат бояуымен боялған өмір сондай тәтті, бақытты болады. Шынайы ғашықтар қиындықтарына қармастан ол өмірге дән риза. Себебі оның түсінігінде илаһи ғашық өмірдің қайнар көзі және адамның иманы сонымен бірге шындала түседі.

Адамның басқа жаратылыстан ерекшелігі ақыл иесі болуы. Осы арқылы адам ең алдымен өзі жайлы, одан соң ғалам жайлы терең әрі тұрақты түрде ойға шомады. Солайша адам өзін таныған соң ғаламдағы орнын, өзін тыс жатқан болмыстарға үңіле бастайды. Бұл үңілу ісі адамды түп санаға, яғни өзінің кім екендігін білуге жетелейді. Адамның өзін тануының философиялық жолы қысқаша осы болмақ. Яссаудің философиясы да адамның өзін тануынан басталады. Адам ең алдымен өзін тануы, қайдан келіп қайда баратыны жайлы ойлануы қажет. Себебі Яссаудің ойынша адам өзін таныса өзінен тыс жатқан ғалам мен жаратушыны да тани алмақ. Бұл да адамның туу мен өлу аралығындағы қысқа өмірде Алла жету амалымен сипатталады. Яссаудің хикметтеріне жай ғана адамдарға айтылған сөз емес, оның насихаты ең алдымен өзінен бастау алатын өнегелік жол болмақ.

Бүгінгі таңда куә болып отырған барлық күрмеуі қиын мәселелердің ортасында адам болмысы тұрғаны айқын. Мұның себебі адамның адаммен, қоғаммен, табиғатпен қарым-қатынасына сызат түсуінен туындаған. Адам басқасын түсіну үшін де ең алдымен өзін тануы, өзімен үйлесімде болуы шарт. Ол үшін адам ғаламдағы орнын, қандай мақсатпен жаратылғанын білу арқылы өз өмірі мен болмысының мәніне қол жеткізе алады. Ойлайтын болмыс ретінде адам өзін тану арқылы өмірлік білімге қол жеткізіп, оны күнделікті өмірде қолданысқа енгізуі тиіс. Демек Ясауи ілімінің мәні, оның экзистенциялық қабаты бүгінгі күнде де өзекті болып отыр.

Қорытынды. Ахмет Ясауидің «Диуани Хикмет» еңбегіндегі «илаһи ғашық» және онымен байланысты мәселелер жеткілікті түрде қамтылған және шығарманың барлығы дерлік осы мәселелерге бағытталған. Илаһи ғашық ұғымы басқа сопылардағыдай Ахмет Ясауи үшін де тәухид/бірліктің, яғни иманның негізі болып саналады. Өйткені махаббатта көптіктен бірлікке қарай ұмтылыс бар. Ғашықтың соңы сіз бен сүйіктіңіздің арасындағы барлық кедергілерді жою арқылы Онымен бір болу – бірлік ақиқатына жету болмақ. Тек илаһи ғашық арқылы адам нәпсісін тастап Аллаға жете алады. Адамның нәпсісін жоятын – осы ғашықтық. Ғашықтық екі ұдайлықты жояды. Басқаша айтқанда Құдайға жетудің жалғыз жолы. Алайда бұл ғашықтыққа қол жеткізу үшін адам өз-өзімен күресіп, дүние мен дүниелік нәрселерден бас тарту керек. Бұған сопылық мәдениетте сейр-у сүлүк деп аталатын, рухани жетекшінің басшылығымен жүзеге асырылатын рухани тәрбие арқылы қол жеткізіледі. Ахмет Ясауи жайында көп сөз қозғауға болады. Біз оның осы қырына үңіліп көрдік. Оның сопылық ілімі, илаһи ғашық мәселесі әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Себебі оны түсіну түркі-ислам философиясын аңғаруға септігін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. İbn Manzur., (ty.). İşk. Lisânü'l-Arab. 10: 251-52. 15 Cilt. Beyrut: Daru's-sâdır.
2. Uludağ S., (1991). Aşk. Türkiye Diyanet Vakfı İslam Ansiklopedisi. 4: 11-17. Ankara: TDV Yayınları.
3. Uludağ S., (1997). Hallâc-ı Mansûr. Türkiye Diyanet Vakfı İslam Ansiklopedisi. 15: 377-381. Ankara: TDV Yayınları.
4. Uludağ S., (2020). Aşk. Tasavvuf Terimleri Sözlüğü. 58-59. İstanbul: Marifet Yayınları.
5. Yakıt İ., (1994). Hoca Ahmet Yesevî ve Türk Düşünce Tarihindeki Yeri. Süleyman Demirel Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Dergisi 1, 1-15.
6. Yesevi Ahmet., (2020), Risâle der Âdâb-ı Tarîkat, Hoca Ahmed Yesevî Külliyyâtı, Ahmet Yesevî Üniversitesi Yayınları, Ankara [Ясауи Қожа Ахмед, (2019), Рисале Дер Адаби Тарикат, Қожа Ахмет Ясауи Жинағы, Ясауи университеті жарияланымдары, Анкара].

7. Yesevi Ahmet., (2020), *Risâle Der Makâmât-I Erba'în*, Hoca Ahmed Yesevî Külliyyâti, Ahmet Yesevî Üniversitesi Yayinlari, Ankara [Ясауи Қожа Ахмед, (2019), *Рисала Дер Макамати Арбагин*, Қожа ахмет Ясауи Жинағы, Ясауи университеті жарияланымдары, Анкара].

8. Yesevi Ahmet., (2022). *Dîvân-ı Hikmet*. Haz. Hayati Bice. Ed. Mustafa Tatcı. Ankara: Hoca Ahmet Yesevî Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi.

9. Yesevi Ahmet., *Divân-ı Hikmet'ten Seçmeler*, Haz. Kemal Eraslan, Kültür Bakanlığı Yay., III. Baskı, Ankara, 2021 [Ахмет Ясауи, Диуани Хикмет таңдамалы жинағы, дайындаған Кемал Ераслан, Мәдениет министрлігі, II басылым, Анкара, 1991].

10. Yıldırım A., (2014), “Hoca Ahmed Yesevî: Düşünce Sistemi, Kaynakları ve Tesirleri”, *Türk Dünyası Bilgeler Zirvesi: Gönül Sultanları Buluşması (26–28 Mayıs 2014) Bildiriler*, Editör Ejder Okumuş, Cilt 1, Türk Dünyası Kültür Başkenti Ajansı Yayınları, Eskişehir.

ПОНЯТИЕ БОЖЕСТВЕННОЙ ЛЮБВИ В МИРОВОЗЗРЕНИИ АХМЕДА ЯСАВИ

Ибрахим Мараш

Университет Анкары, Анкара, Турция

e-mail: maras@divinity.ankara.edu.tr

Аннотация. Понятие возлюбленного, как основа суфийского мировоззрения, также считается основополагающим понятием в мировоззрении Ахмета Ясави. По мнению Ясави, человек может общаться со своим Создателем только через любовь. Поэтому каждое существо имеет в себе врожденную любовь. Любовь — это мост между человеком и его Господом и огонь, сжигающий все, кроме возлюбленного. Без любви не было бы жизни. Поэтому для понимания бытия недостаточно только разума и логики. Невозможно понять природу жизни без божественной любви. И это чувство присуще только человеку среди всех живых существ. Это духовное состояние, наиболее подходящее для человеческого существования, приводит божественные и человеческие чувства в соответствие с целью их создания и превращает их в движущую силу жизни. Согласно суфийскому мировоззрению, причиной сотворения существ является признание, принятие и любовь Всевышнего Аллаха к Своим созданиям. Поэтому выход существ на уровень бытия производится благодаря любви между Творцом и существом. Поэтому концепция божественной любви занимает важное место в мировоззрении суфиев, особенно в произведении «Дивани Хикмет» Ахмеда Ясави. Зная, что важнейшая цель жизни — достичь присутствия Бога, Ахмед Ясави пытается донести эту идею своей мудростью и заставляет каждого путника, вступающего на этот путь, с самого начала понять, в чем заключается его цель. По мнению Ясави, цель человеческой жизни – достичь статуса возлюбленного. Состояние влюбленного — это состояние достижения удовольствия Бога, становления рабом Бога, встречи с Бесконечным Единым, переживания состояния Единства посредством отказа от желаний материального мира на пути любви. Это считается состоянием, которого человек достигает, прежде всего, достигая состояния беспомощности (العجز) внутри себя, отказываясь от своих желаний и осознавая, что основа всего мира – Единое. Для путешественника истины и реальности простого поклонения недостаточно. В то же время человеку необходим «божественный возлюбленный», чтобы выйти за пределы своего «я» и увидеть образ Единого в мире страданий. Только такой человек может получить доступ к тайне Бога.

Ключевые слова: Аллах, Ясави, суфизм, любовь, Диуани Хикмет.

THE CONCEPT OF DIVINE LOVE IN THE WORLDVIEW OF AHMET YASAWI

Ibrahim Marash

Ankara University, Ankara, Turkey
e-mail: maras@divinity.ankara.edu.tr

Abstract. The concept of the love as the basis of the Sufi worldview, is also considered a fundamental concept in the worldview of Ahmed Yasawi. According to Yasawi, man can communicate with his Creator only through love. Therefore, every creature has an innate love. Love is a bridge between man and his Lord and a fire that burns everything except the beloved. Without love, there would be no life. Therefore, reason and logic alone are not enough to understand existence. It is impossible to understand the nature of life without divine love. And this feeling is inherent only to man among all living beings. This spiritual state, most suitable for human existence, brings divine and human feelings into line with the purpose of their creation and turns them into the driving force of life. According to the Sufi worldview, the reason for the creation of creatures is the recognition, acceptance and love of Allah Almighty for His creations. Therefore, the exit of creatures to the level of existence is made thanks to the love between the Creator and the creature. Therefore, the concept of divine love occupies an important place in the worldview of Sufis, especially in the work “Divani Hikmet” by Ahmed Yasawi. Knowing that the most important goal of life is to reach the presence of God, Ahmed Yassawi tries to convey this idea with his wisdom and makes every traveler who sets out on this path understand from the very beginning what his goal is. According to Yassawi, the goal of human life is to achieve the status of a lover. The state of being in love is a state of achieving God's bliss, becoming a servant of God, meeting the Infinite, experiencing the state of Unity by renouncing the desires of the material world on the path of love. This is considered a state that a person achieves, first of all, by achieving a state of helplessness (defenselessness) within himself, having abandoned his desires and realizing that the basis of the whole world is the One. For a traveler, simple worship of truth and reality is not enough. At the same time, a person needs a “divine lover” to go beyond his “I/Ego” and see the image of the One in the world of suffering. Only such a person can gain access to the mystery of God.

Keywords: Allah, Yasawi, sufism, love, Divani Hikmet.